

# ОҚМУ - рейтинг басында!

Ғасырдай басып, үлгермей жатып-ақ болашақтың іргетасын өркениетке көңіл бөле бастаған жас Қазақстан Республикасы осынау игі үрдісті жалғастыруды басты назарда алғаны баршаға аян. Еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев білім деңгейін көтеруге, білімді ұрпақ тәрбиелеп-өсіруге бар күш-жігерін аянбай-ақ келеді. Өйткені, білімнің шырақтың ергені – қаран. «Білекті бірді женсе, білімді мыңды женетінін» алға тарткан казак халқының ойшылдары де ежелден білім алуға, ғылымнан сусындауға құмар келген. Бағымызға орай, Елбасы ел таңдауын түсіне білді де, білім алуға жан-жакты жол ашып беруге ұмтылды.

Осы бағыттағы жүзеге асырылатын маңызды бір өлшем – жастарға сапалы білім беруді барынша жетілдіру. Өйткені казіргі замандағы еңбек нарығында білім сапалы болмай, іс оңғарылу мүмкін еместігін көріп-байкап отырмыз. Ал, бұл мақсатты іске асыру үшін жоғары оку орындары ұлттық және халықаралық рейтингтерге катысу міндетті. Казақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі аясындағы Болон орталығы жүргізген биылғы рейтингке 69 жоғары оку орындары катысты. Оның нәтижесінде білім сапасы жөнінен алғашкы топка 49 (9 ұлттык және 19 мемлекеттік) жоғары оку орны енді. Бір куанарлығы, рейтинг бойынша Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттык университетінен және әл-Фараби атындағы ұлттық университетінен кейінгі үшінші орында өзіміздің М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті тұр. Одан кейін 5-6 ұлттык университет жайғаскан. Бұл деген сөз, өрісін кеңге жайған ОҚМУ-дың ұлттык университеттер катарында ойып тұрып орын алғанының көрсеткіші.

Республика бойынша жаңашыл-инноватор ректор атанған Жұмахан Үшкемпірұлы Мірхалыков өзінің ғылым саласындағы жетістіктері мен ректорлык білімдарлығы аркасында республика ғылым академиясының назарына ілігіп, Оңтүстіктің ең жас академигінің бірі болып отыр. Ол баскаратын білім ордасының да мәртебесі тағы бір жоғарылады. Оңтүстіктің маңдайалды оку орны атанған ОҚМУ ұжымын және оның ректорын осынау жетістіктерімен құттыктай отырып, биылғы талапкерлерге окуға түсетін сәтте М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін таңдап, сол аркылы болашақтарына нық қадам басуын тілейміз.

*«Әділет-ақпарат»*

МӘСЕЛЕ

## Өз тіліңді құрметте...

Американдық үндістердің Америка болғанға дейін орналасқан жерінің табиғи әсемдігі, жалпы ұлт ретінде ұстанымы, калыптаскан салт-дәстүрі, тіршілікке деген кабілеттілігі, күш-куаты, шапшаңдығы, икемділігі, ат-құлағында ойнарептілік, шеберлік, тасқойлык, кажырлык, ыстык-суыкка төзімділік, шымырлык, сом-сом бұлшық еттерінің шымыкқандығы сияқты касиеттері кімнен кем еді? Өзге жұрттан [illegible] өркениетті елге айналғанына өте куаныштымыз. Бірак біз оның, тек өзіне ғана тән, ұлтымыздың накышындағы жаркын бейнесі болғанын макұлдар едік.

Мәселен, Балтық елдерінің, Тифлис (Тбилиси) Баку, Ташкент калалары өздерінің ұлтык нәрін, өркениеттің кең келген ағымында керемет ұстанып келе жатыр емес [...] кытай тілінде жазып қояйык. Онсыз да еліміздің Бұкар жырау атамыз түңіліп айтканындай «кара кытай кайнап келе жатканы» жок па?

Үлкен-үлкен мейрамханалардың касынан өтіп бара жатып еститінің тек шет елдің музыкалары. Ал, шағын асханалар мен тамханалардың касынан өткенде еститінің [...] сынаймен оңды-солды калай болса солай өзара сөйлесіп тұрып, койып калатын кыз бен балаларымыздың өрісінің таяздығына жаның ашиды. Әлбетте, олардың орысша үйренгені дұрыс. Бірак коғамдык орында емес, мектеп кабырғасында, өз араларында сөйлесіп үйренгені құптарлык еді. Бірде Бауыржан атамыз трамвайда келе жатып,